



Бекітетін

Мектеп-аппен-лицийей

М.Абилядаев

«

2023 жыл

№268 МЕКТЕП-ЛИЦИЕЙ
КІТАПХАНАСЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУ
ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС
ЖОСПАРЫ

Кітапхана жұмысының негізгі мақсаты

Мектеп кітапханасы – мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі – оқу тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жаңа кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әртүрлі кітапханалық іс шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық білімдік қасиетін дамытатыр анық. Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың ұсынған «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға, мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу.

Кітапхана жұмысының міндеттері

1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.
2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.
3. Оқырмандарға тез және сапалы қызмет көрсету.
4. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
5. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
6. Кітап қорының жинақталуын, есепке алынуын, орналастырып сақталуын ұйымдастыру.
7. Кітапхананы қазіргі талапқа сай безендіріп, оқырмандармен белгіленген жоспар бойынша әдеби кеш, буктрейлер, библиографиялық шолулар, конференция, дөңгелек үстел, ақын-жазушылардың шығармашылық кештерін өткізу.
8. Кітаптен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой-өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

№	Жұмыс мазмұны	Орындау мерзімі
Оқу әдебиеті қорымен жұмыс жоспары		
1	2023-2024 оқу жылына арналған оқушылардың 1-11 сынып бойынша оқулықтармен қамтылуына диагностика жасау.	Тамыз – қыркүйек
2	Оқулықтарды қабылдау және оқушыларға беру. Оқу бағдарламасына сәйкес толық көлемде оқулық беруді қамтамасыз ету.	Тамыз
3	Қор жылжуына қорытынды жүргізу.	Желтоқсан
4	Түскен оқулықтарды қабылдау және өндеу: жүк құжаттарын ресімдеу, оқулықтарға инвентарь жүргізу,	Жыл бойы

	есепке алып оларды бухгалтерияға өткізу, жиынтық есепке алу кітабына (бұдан әрі – ЖЕК) жазу, мертанба қою.	
5	Оқу бағдарламаларының ескіруі мен ауысуын ескере отырып, оқулық қорын есептен шығару.	Жылына 1 рет
6	Сыныптар бойынша оқулықтар, ведомостер беру журналын жүргізу.	Мамыр, қыркүйек
7	Оқулықтарды тексеру. Рейд жүргізу	Тоқсан сайын
Көркем әдебиет қорымен жұмыс		
1	Кітапхана қорын есепке алу. 5 жылда 1 рет түгендеу. Түгендеуді қорытындылау. Бухгалтерияның материалдық бөлімінде кітапхана қорын тексеру туралы актіні ресімдеу.	Жыл бойы
2	Кітапхана оқырмандарының ақпаратқа еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету.	Үнемі жыл бойы
3	Қорды сақтау бойынша жұмыс: оқырманның келтірілген залалды бекітілген тәртіпте өтеуі бойынша шараларды қамтамасыз ету; борышкерлердің тізімін жасау; кітапхана қорын жүйелі сақтау мен физикалық сақталуы бойынша тиісті режимді қамтамасыз ету	Үнемі жыл бойы
4	Ескі көркем әдебиет пен рухани тұрғыдан ескірген әдебиетті есептен шығару.	Жылына бір рет
Оқырмандармен жеке жұмыс		
1	Оқырмандар формулярымен танысу және талдау.	Жыл бойы
2	Кітапханаға түскен жаңа кітаптар, энциклопедиялар, ертегі кітаптар туралы ұсынымдық және жарнамалық әңгімелесулер. Түсу деңгейіне қарай	Жыл бойы
3	Абонемент пен оқырмандар залында оқырмандарға қызмет көрсету: оқушылар, педагогтар, техникалық персонал.	Үнемі
Өтінімдер бойынша Оқушылармен жұмыс		
1	Кітапхананың жұмыс кестесіне сәйкес оқушыларға қызмет көрсету.	Үнемі
2	Әр оқырманның жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиет ұсыну.	Үнемі
3	Борышкерлерді анықтау мақсатында оқырмандар формулярын қарау, (нәтижелерін сынып жетекшілеріне хабарлау) Жарты жылда 1 рет. Жаңадан жазылған оқырмандармен кітап оқу мәдениеті туралы әңгімелесулер өткізу. Кітапқа немесе оқулыққа келтірілген залал үшін жауаптылық туралы айту.	Үнемі
4	QAZNA бағдарламасына келген көркем әдебиетпен оқулықтарды енгізу	Үнемі

Мектеп кітапханасында атқарылатын іс-шаралар

№	Атқарылатын іс шаралар	Мақсаты	Орындалу мерзімі	Сынып	Өткізілу түрі	Жауапты
1	«Кітап-білім бұлағы»	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз Қыркүйек	1-11 сыныптар	Оқулық тарату	Кітапханашы
2	«Кітапханаға саяхат»	Білімнің күлті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Кітапты сүюге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.	Қыркүйек	1-сыныптар	Саяхат	Кітапханашы
3	Тілдер күніне орай «Тіл – татулық тірегі» Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларына шолу	Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін үйрету; Ақын өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қыркүйек	6-7 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
4	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай	Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылы туралы мағлұмат беру	Қыркүйек	5-7 сыныптар	Кітап көрме	Кітапханашы, Сынып жетекші
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ы.Алтынсарин, Б.Сәкпақбаев кітаптарын оқып әңгімелеп беру	Өз ойларын толық жеткізе білу	Қазан	2-4 сыныптар	Әңгіме шолу	Кітапханашы, Сынып жетекші
6	Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы Теңгенің (1993) алғашқы қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл	Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру	Қараша	5-7 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
7	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Жазушы-драматург Қалижан Бекқожиннің (1913) туғанына 80 жыл	Жазушының өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қараша	5-10 сыныптар	Көрме, шығармаларына шолу	Кітапханашы, Сынып жетекші
8	«Ауылым алтын бесігім»	Жергілікті ақын жазушылардың өмірі мен	Желтоқсан	5-7 сыныптар	Библиографиялық	Кітапханашы

	шығармаларын таныстырып, насихаттау .	Қаңтар	8-9 сыныптар	шолу	
9	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жыр алыбы Жамбыл» танымдық сабақ	Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шекірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге ұғындыру. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру, ақын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету	Қаңтар	Көрме, ашық сабақ	Кітапханашы Сынып жетекші
10	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» «Бауырсақ» ертегісіне көрініс	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету.	Қаңтар	Қойылым	Кітапханашы Сынып жетекші
11	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Мағауин	Білімділік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін арттыру	Ақпан	Кітап көрмесі	Кітапханашы Сынып жетекші
12	1- Наурыз «Алғыс айту» күні «Алғыс білдіру ең асыл сөз»	Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.	Наурыз	Кітап көрмесі	Кітапханашы
13	«Сынар ем, ана деген тәңірге» 8-наурыз аналар мерекесі	Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ардагер, ұстаз-аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.	Наурыз	Кітап көрмесі	Кітапханашы
14	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі-тәрбие көзі»	Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгерту.	Наурыз	Тәрбие сағаты	Кітапханашы Сынып жетекші
15	2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне театрландырылған қойылым 23-	Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі	Сәуір	Кітап көрмесі, театрландырылған қойылым	Кітапханашы

	сәуір «Дүниежүзілік кітаптар күніне» орай	маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Ата-аналар арасында балаларға кітапоқудың қажеттілігін насихаттау.				
16	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында	Қазақ балалар әдебиеті классиктерінің бірі, оқырман қауымының айрықша ықыласына бөленген қаламгер, жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларына	Сәуір	5-6 сыныптар	Библиографиялық шолу	Кітапханашы

Кітапханашылар:



Г.Амирова
Ж.Баймолдаева

##Оқуғақұштармектеп

##268мектеплицей

#268 мектеп - лицей кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Әжем айтқан ертегі" тақырыбында отбасылық ертегі оқу күні жарияланған болатын. Оқушылар шараға белсене қатысып, кітапханадан ұнаған ертегі кітаптарын алып әжелерімен кітап оқып, ұнаған ертегілерін сынып болып талқылап бөлісті.

Мақсаты: Ауыз әдебиетінің ең көне жанры болып табылатын ертегілер туралы түсінік беру, сөздік қорын молайту, ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу.

Осы орайда 2 "Г" сыныбының оқушысы Әжімұрат Сезім мен Назым әжесімен "Әжем айтқан ертегі" тақырыбында видеоролик түсіріп,қазақ ертегілерін насихаттады.

<https://www.facebook.com/share/v/XXP4WiiMYnawBmoN/?mibextid=WC7FNe>

#Оқуғақұштармектеп

#Меніңсүйіктікітабым

#268мектеплицей

Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, оқыған кітаптары жайлы бір - біріне айтып қызықтыруға, кітапты пайдалануға баулу мақсатында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Менің сүйікті кітабым" челленджі бойынша Ш.Мұртазаның "Ай мен Айша" шығармасын оқып, өз үлестерін қосуға шақырамыз.

Ш.Мұртазаның шоқтығы биік туындыларының бірі - "Ай мен Айша" романы, қалың оқырманның сүйікті шығармасына айналған қазына. Шығарманың іші қызықты-қызықты қысқаша қазақ дәстүріне, тарихына, ырым - салттарына негізделген оқиғалармен толыққан.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0PsFbGUr1HrnUS3nsBGmipZtkExSMNcgeAFWg2neLQrhyTESydNLxWVAU7bVeXfywI&id=100050559053503&mibextid=WC7FNe

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Менің сүйікті кітабым»

атты кітап оқу сағатының анықтамасы

Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу мақсатында кітапханада «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында кітап оқу сағаты өткізілді.

Шара барысында оқушылар өздері оқыған кітаптарынан түсінік айтып, бір-бірімен пікір алмасты.



Кітапханашылар:

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

«Ертегілер еліне саяхат»

/Театрландырылған қойылым/

2023-2024 о.ж

Ертегілер еліне саяхат

Ертегілер – ауыз әдебиетінің ең көне жанры болып табылады. Ертегілерде оқиғасы өмірде сирек кездесетін не болмаса адамның қиялынан туған, өмірде мүлдем кездеспейтін оқиғалар баяндалады. Ертегілер көбінесе қарасөз түрінде айтылады. Қазақ ертегілері үш жікке бөлінеді: **1) Қиял-ғажайып ертегілері; 2) Хайуанаттар жайлы ертегілер; 3) Тұрмыс-салт ертегісі.**

Қиял – ғажайып ертегілер халықтың сана-сезімінің балаң кезінде пайда болған. Қиял-ғажайып ертегілерде жақсы өмір, адамдардың ауыр еңбегін жеңілдету арманы көрсетілген. Ертегілердің кейіпкерлері - өмірде болмаған, адамның қиялынан туған кейіпкерлер. Мысалы: жалмауыз кемпір, жеті басты жылан, жалғыз көзді дәу, жезтырнақ, айдаһар.

Қиял-ғажайып ертегілерде жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, жауыздық пен ізгілік тартысқа түсіп, әр уақытта жақсылық, ізгілік, достық жеңіп шығады.

Ертегілердің тағы бір түрі **хайуанаттар туралы ертегілер** де өте ерте кезде пайда болған. Хайуанаттар туралы ертегілер: «Алтын сақа», «Маймыл мен түлкі», «Түлкі, аю, қойшы». Ертегідегі хайуанаттардың іс – әрекеті, жағымсыз қылықтары арқылы адамдардың мінез-құлқы сыналады.

Хайуанаттар туралы ертегілерде түлкі – қу, айлакер, қасқыр – қорқау, аю – аңғал, қой – қарапайым адамдар бейнесінде алынады.

Тұрмыс – салт ертегілерінде өмірде болған, болуға тиіс оқиғалар туралы айтылады. Кейіпкерлері де - өмірде болған қарапайым еңбек адамдары.

Ертегілер ауызша айтуға лайықты, тілге жеңіл болып келеді. Ертегілер тек жақсылықпен аяқталып отырады.

Ауыз әдебиетінің бір түрі – аңыз әңгімелер. Аңыз оқиғалары шындық өмірден алынады, кейіпкерлері де – өмірде болған тарихта аты бергілі адамдар.

Халық ауыз әдебиетіндегі аңыз әңгімелердің кейіпкерлері: Қорқыт, Жиренше, Қарашаш сұлу, Алдар Көсе, Қожанасыр.

Кітапханашылар:  Г. Амирова

 Ж. Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
2-сәуір Халықаралық балалар кітабы
күніне орай театрландырылған қойылымның
анықтамасы

Қатысқан сынып: 4 сынып
Қатысқандар саны: 28
Өткізілген уақыты: сәуір

Сәуір 2024ж

2- сәуір Халықаралық балалар кітабы мерекесіне орай №268 мектеп-лицей кітапханасында бастауыш сынып оқушылары арасында театрландырылған қойылым ұйымдастырылды. Шараны өткізудегі мақсатымыз - кітап біздің байлығымыз, жан азығымыз, қазынаның асылы, өмірдің шырағын жағар құнды мұра екенін түсіндіре отырып, оны бағалауға үйрету. Оқырмандарды кітап оқуға деген ынтасын арттыру. Шара барысында «Білім патшалығында» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапханаға жаңа 5 оқырман жазылды.



Кітапханашылар

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

«Абайдың қара сөзі – тәрбие көзі»


/тәрбие сағаты/

2023-2024 о.ж.

Абайдың қара сөздері – тәрбиенің қайнар көзі

Оқу үшін

Абай әйгілі қара сөздерінде шығарманың ажарына назар аударып қана қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Хакімнің гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойы дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас қазақ халқының философиялық тұжырымдамасын құрайды.



Абайдың қара сөздерін сыншылдық, ойшылдық, көбіне адамгершілік мәселесіне арналған өсиет деуге болады. Бәрінің жалпы түйіні – адам болу.

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын», деп бастайды Бірінші қарасөзін. Одан кейін ақыры адамзат баласына керекті өмірлік азығын, адаспас бағдаршамын хатқа түсіріп, жазуды бастап кеткенін аңғарамыз. Оныншы қарасөзінде: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?» деуі тегіннен-тегін

емес. Шын мәнінде, дүниеге ұрпақ әкелу бар да, балаға жақсы тәлім-тәрбие беру бар. Абай айтқан «толық адам» етіп қалыптастыру – үлкен жауапкершілік. Бүгінгі таңда бала тәрбиесімен тікелей айналысатын педагогтерді аландатып отырған да осы мәселе.

Әлемге әйгілі педагог-ғалымдардың қаншама еңбегін ақтарып қарап, тәжірибеде қолдансақ та, ақырында ұлтымыздың кемеңгері, данышпан Абайдың қарасөздеріне келіп тоқтаймыз. Өйткені бүкіл адамзаттың болмысы, дүниеге адам болып келіп, адам болып өтуі, тірліктегі жаман-жақсы hareketтері, соқтықпалы-соқпақсыз өмірден адаспай, адам қалпында өтуі бастан-аяқ ақынның қырық бес қарасөзінде айтылған.

Ақын екінші қарасөзінде қазақтың кәсіппен шұғылдануы жөнінде айтады. Ноғай, татар, өзбек, орыс халықтарының еңбекқорлығын айта келіп, олардың сыртынан күлмей, керек дүниені үйреніп, адал жолмен мал табуды сөз етеді. Ақынның осы айтқанының бәрі біз өмір сүріп жатқан дәуірде іске асуда. Білімді жастар ғылыммен, бизнеспен, мал және егін шаруашылығымен айналысып, өнертапқыш ретінде танылып жатқаны – осыған дәлел.

Төртінші қара сөзінде «бір Аллаға сиынып, қайраттанып еңбек қыл, жақсымен жанаса жүр, үлгілі іс жаса» деп насихат айтады.

Бесінші қара сөзінде қазақтың орынсыз қолданған мақал-мәтелдерін сынап, не нәрсеге де сын көзбен, сыни оймен қарап, ішінен керегін алған жөн екенін ескертеді. Сонымен қатар мал табудың оңай жолы опа бермейтінін айта келіп, мал үшін өмір сүретіндерді мінеп-сынайды.

Он үшінші қара сөзінде иманы берік болу парыз дейді. Жастарды имандылыққа шақырады. Бүгінгі күнде Алланың бар, бір екенін мойындап, жүрегіне иман гүлін егіп, ислам дінінің ізгілігін ұғынған жастар көп болуы – ақын арманының іске асқан көрінісі.

Он бесінші қара сөзінде есті мен есер адамның айырмашылығын сөз етеді. Құмарлықтан бойын аулақ ұстаған жөн екенін айтады. «Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, біртүрлі мастық пайда болады екен. Әрбір мастық бойдан ағатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен», деп жазады. Кей жастардың құмар ойындарға әуестігі, ағзаны улайтын зиян нәрселерге құмарлығы – адам өмірін қиындататын, азғындауға әкелетін дүние. Абайдың осы мәселелерді өзі өмір сүрген дәуірде айтып кеткені даналық емей мемене?!

Он сегізінші қара сөзінде адам баласы адам баласынан түбінде ақыл, білім, мінез, ар деген асыл қасиеттерімен озатынын айтты. ХХІ ғасыр – білім-ғылым ғасыры. Ақынның айтқаны дәп келіп отыр.

Он тоғызыншы қара сөзінде адам ата-анадан есті болып тумайтынын, естілердің айтқанын ескеріп жүргенде ғана есті болатынын айтады. Сондықтан көрген-білгенін ескеріп, ой елегіне салып, ақырын жүріп, анық басу керектігін ескертеді.

Отыз тоғызыншы қара сөзінде ел бірлігі, елдің ынтымағы сөз болады.

Қырық екінші сөзінде қазақтың жұмыссыздығы, әлеуметтік жағдайы сөз болады. Жатып-ішер жалқаулықтың кеселі жұмыссыздыққа әкеліп тіреді. Қазір де бұл – өте өзекті мәселе. Елімізде жұмыссыздық көп, соның салдарынан ажырасу көбейіп, психологиялық күйзеліске түсу белең алып отыр.

Қырық төртінші қара сөзінде талапсыздық жайы айтылады. Ең жаман нәрсе – талапсыздық. Ақын осы мәселені: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой», деген өлеңі жолдарымен де астастырып береді.

Абайдың қара сөздерінің ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Бастан өткерген, өмірден көрген-түйгенін хатқа түсірген дана Абайдың қарасөздері адам баласының дұрыс өмір сүрудегі бағдаршамы десек, артық айтқандық емес.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Абайдың қара сөзі – тәрбие көзі» атты

тәрбие сағатының

анықтамасы

№ 268 мектеп-лицей кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 6 – сынып оқушыларымен «Абайдың қара сөзі – тәрбие көзі» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, Абайдың қара сөздерінің мазмұнын меңгерту.

Шара барысында оқушылар ұлы кемеңгер ақын Абайдың өмірбаяны, өлеңдері және қара сөздерімен танысты.



Кітапханашылар

Г. Амирова


Ж. Баймолдаева

8 – наурыз Аналар мерекесіне орай
«Сиынар ем, ана деген тәңірге» атты
кітап көрмесінің анықтамасы

№268 мектеп – лицей кітапханасында Аналар мерекесіне орай «Сиынар ем, ана деген тәңірге» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге «Ұлы даланың ұлы қыздары» анықтамалығы, «Ұлы дала Арулары» сериясымен шыққан «Бозок аруы» жинағы, М.Айымбетовтың «Бопай ханым», «Алғашқы қарлығаштар», «Әлия», А.Үлкенбаеваның «Күй ғұмыр», К.Сахарбаеваның «Дина: Әсем қоңыр» кітабы, лиро-эпостық поэмалар: «Қыз – Жібек», «Қозы Көрпеш», фотоальбомдар: «Әмина Өмірзақова», «Роза Бағланова», «Бибігуль Төлегенова», «Фарида Шәріпова», «Нүкетай Мышбаева», «Роза Әшірбекова», сондай-ақ Ф.Оңғарсынованың естеліктері, Н.Байырбектің «Нұржамал», Роза Әлқожаның «Әл: өлеңдер мен әндер жинағы», Ж.Байжанованың «Қызым, саған айтам...» т.б. кітаптар қойылды.

Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.



Кітапханашылар:

 **Ғ. Амирова**
 **Ж. Баймолдаева**

1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай

«Алғыс білдіру ең асыл сөз» атты кітап көрмесінің

анықтамасы

№268 мектеп – лицей кітапханасында 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған «Алғыс білдіру ең асыл сөз» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай 1 наурыз – алғыс айту күні болып бекітілді. Алғыс айту күні - барлық қазақстандықтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, мейірімділік пен достық мерекесі болып табылады. Мереке қазақстандық патриотизмнің, достықтың, мәдени әртүрліліктің ұлы күніне айналды. Шынында да, Қазақстанда тұратын жүз отыздан астам этностың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, ол біздің біртұтас ұлтымызға теңдессіз басылымдылық береді. Қазақстан ұлттық қақтығыстардан азат аумаққа айналды. Экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар этносаралық тыныштық пен үйлесімділіктің арқасында тұрақтанды.

Көрмеде алғыс айту күнінің тарихы туралы материалдарды қамтиды: энциклопедиялар, «Баталар» (1992), «Бабалар сөзі-даналық көзі» (1996), «Қазақтың бата-тілектері мен өсиеттері» (2007), «Қазақ әдебиетінің тарихы» Т.10 (2008), «Бата – сөздің анасы» (2013), «Алғыс» (2019). мерзімді басылымдар және фотоматериалдар ұсынылған

Кітап көрмесінің мақсаты - оқырмандардың бойынан азаматтық патриотизмді қалыптастыруға, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ұялатуға, оның тарихы мен мәдениетін құрметтеуге ықпал ету.

Алғыс айту күнін атап өту арқылы Қазақстан қиын кезеңдерде миллиондаған қоныс аударушыларды қабылдап, өмірін сақтап қалған қонақжай әрі жомарт мемлекет болып табылады.

Алғыс айту күні уақыт өткен сайын халқымыз үшін өте үлкен мағынаға ие болып, қазақстандықтардың өміріндегі аса маңызды күнге айналууда.



Кітапханашылар:

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин

/ кітап көрмесі /

2023-2024 о.ж

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин (2 ақпан 1940 жыл, Баршатас ауылы, Аягөз ауданы, Шығыс Қазақстан облысы) — тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеушісі ғалым. Филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1984), Қазақстанның халық жазушысы (1996).

Г Өмірбаяны

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин — 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында туған. Абақ Керей тайпасының Жастабан руынан шыққан.^[1]

1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 жылы оның аспирантурасын бітірген.

Еңбек жолын 1965 жылы бастады. "Қазақ әдебиеті" газетінде бөлім меңгерушісі,

1967-1971 жылдары "Жазушы" баспасында бас редактордың орынбасары, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген, Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізді.

1983-1984 жылдары еркін шығармашылық қызметте,

1984-1986 жылдары "Жазушы" баспасының бас редакторы.

1987 жылы еркін шығармашылық қызметте,

1988 жылдан бері "Жұлдыз" журналының бас редакторы.^[2]

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы, әдебиет зерттеушісі. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы.

"Аласапыран" тарихи роман-дилогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілді. (1984). Қазақстанның Халық жазушысы, Түркияның Халықаралық "Түркі дүниесіне қызмет" сыйлығының сахибы.^[3]

Шығармашылығы

Әңгімелері

“Кешқұрым” атты тұңғыш әңгімесі 1964 жылы “Жұлдыз” журналында жарияланды.

"Қобыз сарыны" атты ғылыми монографиясы жарық көрген (1968). Бұдан соңғы кезеңде көркем прозаға көбірек ден қойды.

"Көкмұнар" (роман, 1972), "Бір атаның балалары", "Көк мұнар" (повестер мен әңгімелер), "Аласапыран" (тарихи роман-дилогия, 1980-1982), "Ғасырлар бедері" (әдеби зерттеулер), "Өмір жыры" (әңгімелер, хикаят, роман), "Шақан Шері" (роман), "Мен" (ғұмырбаяндық роман-хамса), "Құмырсқа-қырғын" (әңгімелер), "Ұлтсыздану ұраны" (мақалалар) және тағы басқа кітаптары жарық көрген.

2002 жылы Алматыдағы «Қағанат» баспасында он үш томдық шығармалар жинағы басылып шықты.

2020 жылы Мәрилендтегі «Magauin Publishing» баспасында жиырма бес томдық толық шығармалар жинағы басылып шықты.

Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылған, шетел тілдерінде басылған.

Аласапыран

Қазақ халқының көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген “Аласапыран” тарихи дилогиясы 1981—83 ж. жарық көрді. Романда қазақ ордасын Тәуекел хан басқарған тұстағы (16 — 17 ғ-лар)

қоғамдық-әлеуметтік жағдай көрініс тапқан. Хан мұрагері Ораз-Мұхаммед пен оқымысты Қыдырғали Жалайриды, Едіге би ұрпағы Петр Урусовтың көркем бейнелері сомдалған. Томан би, Манак батыр, Ділшат, Ай-Шешек бегім секілді кейіпкерлерді суреттеу арқылы қаламгер Ораз-Мұхаммед тұлғасын даралай түседі.

Романда көшпелі тұрмыс көріністері, аңшылық, саятшылық сынды ұлттық дәстүрлер көрініс тауып, Қазақ хандығының Ресей, Иран, Бұхара, Сібір хандықтарымен өзара қатынастары, ішкі-сыртқы саяси жағдайлары сипатталған. Жазушы шығармаларында 20 ғ-дағы ауыл, қала тұрмысы, түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің тағдыры психология-философия тереңдікпен көркем бейнеленген.

Қобыз сарыны



“Қобыз сарыны” (1968) монографиясында хандық дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларын (15 — 18 ғ-лар) жүйелі түрде талдады.

Жармақ

Жақын арада Чехия Республикасынан жарық көрген “Жармақ” — қазақтың екі ғасырлық тарихы мен бүгінгі психологиялық тартыстар жүйесіне құрылған романы жазушыны мүлдем басқа қырынан көрсетеді.

Шыңғыс хан

Бұл роман тетралогия болып табылады. 2011–2016 жылдары 4 кітап болып Алматыда басылып шықты. Бұл тақырыпты зерттеуді автор 2008 жылдан бері бастады, сол жылдан бастап бұл шығарманы жазу қолға алынды. Роман қолжазбасы Чехиядағы Прага, Карловы Вары жерлерінде жазыла бастап, 2015 жылдың 30 қарашасында АҚШ-тың Роквилл, Мэриленд жерлерінде жазылып аяқталды. Терең ізденісі, жазушылық қарым-қабілеті, тәжірибесі арқасында осындай іргелі де сүбелі еңбегі шықты.



Кітапханашылар

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

Ертегілер еліне саяхат

/Бір сынып – бір кітап/

«Бауырсақ» ертегісінен көрініс

Қызылорда, 2024 ж

Ертегілер еліне саяхат

Ертегілер – ауыз әдебиетінің ең көне жанры болып табылады. Ертегілерде оқиғасы өмірде сирек кездесетін не болмаса адамның қиялынан туған, өмірде мүлдем кездеспейтін оқиғалар баяндалады. Ертегілер көбінесе қарасөз түрінде айтылады. Қазақ ертегілері үш жікке бөлінеді: **1) Қиял-ғажайып ертегілері; 2) Хайуанаттар жайлы ертегілер; 3) Тұрмыс-салт ертегісі.**

Қиял – ғажайып ертегілер халықтың сана-сезімінің балаң кезінде пайда болған. Қиял-ғажайып ертегілерде жақсы өмір, адамдардың ауыр еңбегін жеңілдету арманы көрсетілген. Ертегілердің кейіпкерлері - өмірде болмаған, адамның қиялынан туған кейіпкерлер. Мысалы: жалмауыз кемпір, жеті басты жылан, жалғыз көзді дәу, жезтырнақ, айдаһар.

Қиял-ғажайып ертегілерде жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, жауыздық пен ізгілік тартысқа түсіп, әр уақытта жақсылық, ізгілік, достық жеңіп шығады.

Ертегілердің тағы бір түрі **хайуанаттар туралы ертегілер** де өте ерте кезде пайда болған. Хайуанаттар туралы ертегілер: «Алтын сақа», «Маймыл мен түлкі», «Түлкі, аю, қойшы». Ертегідегі хайуанаттардың іс – әрекеті, жағымсыз қылықтары арқылы адамдардың мінез-құлқы сыналады.

Хайуанаттар туралы ертегілерде түлкі – ку, айлакер, қасқыр – қорқау, аю – аңғал, қой – қарапайым адамдар бейнесінде алынады.

Тұрмыс – салт ертегілерінде өмірде болған, болуға тиіс оқиғалар туралы айтылады. Кейіпкерлері де - өмірде болған қарапайым еңбек адамдары.

Ертегілер ауызша айтуға лайықты, тілге жеңіл болып келеді. Ертегілер тек жақсылықпен аяқталып отырады.

Ауыз әдебиетінің бір түрі – аңыз әңгімелер. Аңыз оқиғалары шындық өмірден алынады, кейіпкерлері де – өмірде болған тарихта аты бергілі адамдар.

Халық ауыз әдебиетіндегі аңыз әңгімелердің кейіпкерлері: Қорқыт, Жиренше, Қарашаш сұлу, Алдар Көсе, Қожанасыр.

Кітапханашылар:  Г. Амирова

 Ж. Баймолдаева

Анықтама

№268 мектеп-лицей кітапханасының ұйымдастыруымен 7 ақпан күні, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2 «Г» сынып оқушыларымен ертегілер еліне саяхат жасалды. Шара барысында оқушылар өздерінің кітапханадан алып оқыған «Бауырсақ» ертегісінен көрініс көрсетті.

Мақсаты: Оқушыларға ертегілер туралы түсінік беру, сөздік қорын молайту, ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге үйрету.



Кітапханашылар:  Г. Амирова

 Ж. Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
«Ауылым алтын бесігім» атты библиографиялық шолудың
анықтамасы

МММ Кіндік қаның тамып, туып - өскен мекеніңді, табаның тиіп тұрған топырақты бәрінен артық көруге хақылысың. Туған жердің бір түйір тасы, жаттың ат басындай алтынынан қымбат емес пе? Әр қазақ өз елінің картасына көз салып, байтақ өлкесін, туған жерін мақтан тұтуға тиісті. Осы орайда #268 мектеп-лицей кітапханасында 10 сынып оқушыларымен "Ауылым алтын бесігім" атты жергілікті ақын жазушылардың шығармаларына библиографиялық шолу жасалды. Шолу барысында жергілікті ақын И.Исаевтың шығармалары және ұзақ жылдар білім саласында еңбек еткен математик, ғасыр ұстазы Қ. Әмзеұлының "Ауылым сұлу сырдың жағасында" атты кітаптары кеңінен таныстырылды.

МММ Мақсаты: Оқушыларға ауыл өмірі жайлы түсінік беру. Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып өз ауылының мәртебесін көтеруге шақыру. Жергілікті ақын жазушылардың өмірі мен шығармаларын таныстырып, насихаттау.



Педагог кадрлармен жасатылғандығы туралы мәліметтер
"№268 мектеп-линей" КММ (2023-2024 оқу жылы жағдай бойынша)
(білім беру ұйымының атауы)

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)	Жыл және туған жері	Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық кәсіпке даярлау туралы мәліметтер, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, білім беру ұйымы, бітірген жылы (диплом бойынша)	Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекенжайы, лауазымы, өтілі)	Соттылығын атын жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер (анықтама №, мерзімі)	Санат, берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмірі	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық қтпшаның болуы)* (руқсат беру мерзімі)	"Матристр" туралы мәліметтер (мақандығы, берілген жылы)* (диплом бойынша)	Тану туралы куәліктің бойынша мәліметтер (қуәлік р (қуәлік №, мерзімі)	Лауазымы, оқытатынын пәні	Оқу жүктемесі (бірлігі)	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысқан соңғы ұйымы	Біліктілікті арттыру курстарының өткен күні
1	Алтынбекова Ақтүл Жанбековна	05.08.1970	КОПИ 1992ж. УВ №697878	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылы, Б.Женбаев №49, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі. 36,4 жыл		31.08.2023. Педагог-модератор №98-нк/2	13.06.2024		орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі				10.06.2019
2	Абдикаликова Айнура Маратовна	20.12.1988	Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2010 ж. ЖББ №0115889 «Болашақ» университеті, 2016 ж. ЖББ-Б №1021067	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылы, Б.Женбаев №49 бастауыш сынып мұғалімі. 12,8 жыл		24.12.2021. педагог-зерттеуші №57-нк	28.08.2024		бастауыш сынып мұғалімі				09.11.2020
3	Абдикаликова Айгерім Жағыпаровна	22.11.1988	Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2010ж. ЖББ-Б №0115804	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылы, Б.Женбаев №49, әлеуметтік педагог. 12,1 жыл		28.08.2019. педагог-сарапшы 145	14.11.2024		әлеуметтік педагог				25.10.2019
4	Абильдаев Мейрамбек Тоқмырзаевич	23.02.1976	Болашақ университеті 2022ж. ВД 00018339568. Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжі-2007ж. КОБ №0296307	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылы, Б.Женбаев №49, Мектеп директоры. 19		31.08.2023. Педагог-сарапшы №98-нк/1	17.08.2024		Мектеп директоры				02.06.2023
5	Айтжанова Айлана Айдарқызы	21.08.1994	Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2016ж. ЖББ-Б №0107720	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылы, Б.Женбаев №49, География пәні мұғалімі. 6,6		санатсыз	14.08.2024		География пәні мұғалімі				
6	Айтбайқызы Айым	27.07.1993	Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2014ж. ЖББ-Б №0740482	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылы, Б.Женбаев №49, физика пәні мұғалімі. 9		санатсыз	01.11.2023		физика пәні мұғалімі				03.06.2022
7	Алдабергелі Мархабат Тағатханқызы	25.10.1993	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті. 2015ж. ЖББ-Б №0875033	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылы, Б.Женбаев №49, еңбек пәні мұғалімі. 7,5 жыл		31.08.2023. педагог-модератор №134 н/к	19.05.2024		еңбек пәні мұғалімі				24.06.2022

№268 мектеп-лицей

Жыр алыбы Жамбыл

/ Танымдық сағат /

Қызылорда, 2024 ж

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жыр алыбы Жамбыл»
атты ақынның өмірі мен шығармашылығына
арналған танымдық сабақ**

Сабақтың мақсаты:

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру. Өлеңдерінің мазмұны мен идеясын ашу. Көркем ойлау, жүйелі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ақын өлеңдерін насихаттай отырып, оқушыны отансүйгіштікке, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу.

«Өнер алды – қызыл тіл»,

Анандай оны құрметте!

Қажымай, талмай үйрен, біл,

Асылын сөздің өрнекте.

Ана тіл – асыл қазына,

Байлығың — білсең ол сенің.

Жеткізер өмір жазына,

Сонымен өсер өркенің,- деп сөз асылын,

өлең қасиетін сезінетін кезекті әдебиет сабағын бастаймыз.

Жүргізуші:

Жүз жыл жырлаған жүрек.

Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен. . Балалар, Жамбыл Жабаевты қай шығармасы арқылы жақсы білесіңдер?

2. Қазақ әдебиетінде ақынның алатын орны қандай?

Мұғалімнің түсіндірмесі

1. Ақынның дүниеге келуі

2. Ақынның ұстаздары мен ақындық ортасы. (Сүйінбайдан Жамбылдың өмірінен көрініс) (слайд — 3)

3. Айтыстары

4. Сатиралық өлеңдері

5. Отаншыл өлеңдері

6. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлеңдері.

1846 ж.—— Ақын дүниеге келді

1863 — 64 ж.—— Қоқан хандығы билік құрды

1881 ж.—— Құлмамбетті жеңді

1916 ж.—— Ұлт азаттық көтеріліс

1936 ж.—— Қазақстан көркем әдебиетінің онкүндігі

1941 — 1945 ж.—— Ұлы Отан соғысы

1945 ж.—— Дүние салды

Шығармалары

«Кедей күйі»

«Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды»

«Туған елім»

«Ленинградтық өренім», «Ата жаумен айқастық»

1. Балалар, Жамбыл атамыздың өлеңдерін жатқа айтатындарың бар ма?

(Ұлы Отан соғысы кезінде жазған өлеңдерін оқушылар жатқа айтады)

2.«Зілді бұйрық», «Ленинградтық өренім!» өлеңдері мәнерлеп оқылады.

V. «Ленинградтық өренім» өлеңнің сатылай кешенді талдау

Жүргізуші: Ақын Сәкен Сейфуллин «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халықтың қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», - деген екен. Сондықтан Жамбыл жырларын, өмірін біліп, өнегелі өмірі мен сөздерінен үлгі алуымыз керек.

«Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз»

Анықтама

№268 мектеп – лицей кітапханасында 8 сынып оқушыларының қатысуымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жыр алыбы Жамбыл» атты танымдық сабақ, өткізілді.

Шара барысында кітапханашы ақынның өмірі мен шығармашылығына тоқталып, ақын өлеңдерін насихаттай отырып, аныстырды.

Мақсаты: Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге үйрету. Оқушыны Отансүйгіштікке, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу.



Кітапханашылар:  Г. Амирова

 Ж. Баймолдаева

Анықтама

2024 жылдың қараша айында №268 мектеп-лицей кітапханасында Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын-аударманы Қалижан Бекхожиннің 110 жылдығына орай «Халық жазушысы Қалижан Бекхожин» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, шолу жасалды. Оқырмандарға ақынның өмірбаяны мен шығармалары насихатталды. **Мақсаты:** Оқырмандарды жазушының өмірбаяны және шығармаларымен таныстырып және кітап оқуға тәрбиелеу.



Кітапханашылар:  Г. Амирова
 Ж. Баймолдаева

Анықтама

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 1993 жылы 15 қараша күні Тәуелсіз Қазақстан Республикасының төл валютасы айналымға енген күнін «Ұлттық валюта күні» деп жариялады. Осы орайда, №268 мектеп-лицей кітапханасында ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында кітап көрмесі ұйымдастырылып, мектеп – лицей оқушыларына таныстырылды.



Кітапханашылар:

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

15 қараша – Ұлттық валюта күні

Теңгенің тарихы ҚР Президентінің 1993 жылдың 12 қарашасында қол қойған «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Заңынан бастау алады. Арада үш күн өткенде, 15 қарашада ел аумағындағы жаңа сауда – саттық жасау құралы ретінде төл теңге қолданысқа енді.

Ескі үлгідегі ақшаларды Қазақстанның жаңа теңгесіне айырбастау 20 қараша күні аяқталды. Айналымнан жалпы сомасы 950 миллиард рубль алынып тасталды. Ұлттық валюта ұлттық экономикамыздың іргетасын қалауға ықпал етті.

Халықаралық мамандардың пікірінше, теңге ТМД аумағындағы тұрақты валюталар қатарында. Негізі ұлттық валютаның дайындалуы аса құпия түрде болған. Алғашқыда 70 жылдан астам пайдаланып келген кеңестік ақша – рубльді қолдана бермек болғанбыз. Бірақ Ресей 15 одақтас республикалардың әрқайсысының өз ақшасы болсын деген талап қойды.

1991 жылы теңге дизайнын әзірлейтін мамандар тобы құрылды. Осы топқа кірген Тимур Сүлейменов, Меңдібай Әлі, Досбол Қасымов, Ағымсалы Дүзелханов пен Хайролла Ғабжәлел ұлттық валюта дизайнын әзірлеуге кірісті. Ал тиынның дизайнын жасау Айрат Исмамбетов пен Виктор Ивженкоға тапсырылды.

Алғашқы теңгені «Harrison&sons» компаниясы Англияда басып шығарды. Қазақтардың төл теңгені қағазға басып беру туралы тапсырысы компанияның әлемдік деңгейде атын шығаруға себеп болды. Теңгенің арқасында аталмыш компания Ұлыбритания ханымының Алтын белгісімен марапатталып, біздің ұлттық валютамыз Британия корольдігінің ең үздік экспорттық өнімі аталды.

Жер шарына атын шығарған теңгеге құрмет ретінде ағылшын компаниясының бас ғимаратында біздің ақшамыздың суреті салынған такта ілінді. Содан айналымға енгізілген қағаз ақша түріндегі тиындар уақыт өте келе темір ақшаға айырбасталса, арада көп ұзамай, ұсақ ақшалар түгел темірге көшірілді.

Ұлттық валютамыз айналымға енгізілгенше ағылшындар мен Қазақ елінде болып жатқан оқиға туралы тірі жан білмеген. Лондоннан жеткізілгеннен кейін теңге 8 күннің ішінде еліміздегі барлық банкке түгел таратылды. Осылайша, ұлттық валютамыз отандастар қолына тиді.

Қажетті жабдықтар мен заманауи технология алынған соң, теңге өз елімізде шығатын болды. Бұл 1995 жылдың мамыр айы еді. Тұңғыш банкнот фабрикасын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі барып ашты. Теңге туралы ой толғаған Елбасы кейінірек ақшаны дайындау барысында түрлі жайт болғанын айтты. Күллі қазақтың мақтанышына айналған тұңғыш теңгенің келбеті бүгінде музейлерде сақтаулы. Оларда Әл-Фараби. Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан, Абай және Әбілхайыр мен Абылай хандардың суреті болған. 90-жылдары біздің теңге дизайны жағынан ТМД - дағы ең көрікті ақша болып

танылды. Майда ақшаларымыз да бар. Алғашқысы қағазға басылса. Кейінгісі темірден түйілді.

Алайда, ол майда ақша кейіннен айналымнан шығып қалды. Теңгенің де кескіні өзгерді. 3 теңгелік номинал жоғалды. 1 – ден 100 теңгеге дейінгі қағаз ақшамыз темір теңгеге айналды. Ал, құны 200,500 және 1000 теңгелік ақшаларда әл-Фараби бабамыз ғана бейнеленді.

Ақшаны айналымға енгізбес бұрын оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды болатыны айқын. Өйткені, оңай жолмен «жеңіл» пайда тапқысы келетіндер кез келген ваяотаны қолдан жасауға тырысады. Сондықтан, кез келген мемлекет ақшаның дизайны мен қорғаныш сызықтарын күшейтуге мүдделі.

Арада бір мүшел өткенде, яғни, 2006 жылы теңге өзгеріске ұшырады. Ондағы суреттер алынып тасталып, яғни, қорғанышын бекіте түсті. Себебі, жасанды ақшада қара дақтар пайда болғандықтан, ақшаның көшірмесін жасауға құштар алаяқтардың арманы іске аспайтыны белгілі. Содан кейін 2, 5 және 10 мың теңгелік банкноттар да пайда болды. Бұл теңгерел де дизайнымен көзге түсіп, талай халықаралық байқауда жеңімпаз атанды.

Бүгінгі теңге тұтастай Қазақстан мен оның барша азаматтарының дербес тіршілігінің, мемлекет тәуелсіздігінің айғағы болып отыр. Ұлтық ақша осы жылдар ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қодауымен түрлі қаржы дағдарысына төтеп беріп қана қоймай, жұртшылық тарапынан инвестициялық сенімге де болды.

№268 мектеп-лицей

**Ы.Алтынсарин, Б.Соқпақбаев кітаптарын оқып,
әңгімелеп беру**

2023-2024 о.ж

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ы.Алтынсарин,

Б.Соқпақбаев кітаптарын оқып, әңгімелеп беру

Кітап – адам баласының ақыл – ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Кітап – біздің ақылшымыз, сырласымыз, досымыз. Кітапты оқи білу, түсіну, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Ғасыр көші ілгері жылжып, тарих беттері қалыңдығымен адамзаттың кітапқа деген құрметі, пейіл – ықыласы ортаймаса керек. Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге, - деген Абай атамыз кітап атты құдіреттің ғажайып күшін бойына жинап, өмірлік азық етпеп пе еді?! Бүгінгі күні теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақыта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ащы да болса шындық. Сондықтан кітапты насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін пайдаланып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс жүргіземіз. Соның бірі - балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев пен Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына әңгіме – шолу жасаймыз.

Б. Соқпақбаев аса талантты қазақ жазушысы. Ұлттық әдебиетіміздің классигі. Жазушының Менің атым – Қожа повесіне түсірілген көркем фильм де көрермендердің ықыласына бөленіп келеді. Бұл, сөзсіз, қаламгер туындысының құдіреті. Оның шығармаларының басты кейіпкері өзі болып табылады. Балалық шағына деген сағынышын өз шығармаларына арқау еткен.

«Бақыт жолы» 1952 ж

«Алыстағы ауылда» 1953 ж

«Балалық шаққа саяхат» 1965 ж

«Дала жұлдызы» 1963 ж

«Аяжан» 1965 ж

«Жолда» 1955 ж

«Менің атым Қожа» 1957 ж

«Өлгендер қайтып келмейді» 1967 ж. Т.6

Ы. Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан әсірелеп, қиял қосып суреттемеген, қарапайым өмірдің шындығынан алғанын көреміз. Мысалы «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Асыл шөп» әңгімелері тілі жеңіл, күнделікті өмір тұрмысын көрсетеді. Сол арқылы жақсы мен жаманның, ашу мен сабырдың, еңбек пен

бейнеттің айырмасын анық көрсетеді. Сонымен қатар, оның әңгімелері өнерді де насихаттайды. Өнер сүйген, талантын дамытқан адамның жерде қалмайтынын ескертеді. Ұлы ағартушы ол үшін өзге халықтардың үлгілік әңгімелерінен аударма жасаған. «Талаптың пайдасы» сияқты әңгімелеріндегі идея сол кездегі қазақ жұртына ауадай керек екенін айтып тұр. Білімнің тәрбиесіз жарамайтындығын астарлап көрсететін әңгімелері де көп. Білім мен тәрбие қатар жүргенде ғана қажетіне жарайды деген идея ұстанымын аңғартады. Қорытындылай келе, Ыбырайдың әңгімелері тұнып тұрған ұлттық психология мен тәрбие деп айталамын. Оны өмірімізге қолдану өз еншімізде.

Кітапханашылар



Г.Амирова

Ж.Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ы. Алтынсарин,

Б. Соқпақбаев кітаптарына әңгіме - шолу

Кітап – адам баласының ақыл – ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Кітап – біздің ақылшымыз, сырласымыз, досымыз. Кітапты оқи білу, түсіну, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Ғасыр көші ілгері жылжып, тарих беттері қалыңдығымен адамзаттың кітапқа деген құрметі, пейіл – ықыласы ортаймаса керек. Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге, - деген Абай атамыз кітап атты құдіреттің ғажайып күшін бойына жинап, өмірлік азық етпеп пе еді?! Бүгінгі күні теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ащы да болса шындық. Сондықтан кітапты насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін пайдаланып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс жүргіземіз. Соның бірі - балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев пен Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына әңгіме – шолу жасаймыз.

Б. Соқпақбаев аса талантты қазақ жазушысы. Ұлттық әдебиетіміздің классигі. Жазушының Менің атым – Қожа повесіне түсірілген көркем фильм де көрермендердің ықыласына бөленіп келеді. Бұл, сөзсіз, қаламгер туындысының құдіреті. Оның шығармаларының басты кейіпкері өзі болып табылады. Балалық шағына деген сағынышын өз шығармаларына арқау еткен.

«Бақыт жолы» 1952 ж

«Алыстағы ауылда» 1953 ж

«Балалық шаққа саяхат» 1965 ж

«Дала жұлдызы» 1963 ж

«Аяжан» 1965 ж

«Жолда» 1955 ж

«Менің атым Қожа» 1957 ж

«Өлгендер қайтып келмейді» 1967 ж. Т.б

Ы. Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан әсірелеп, қиял қосып суреттемеген, қарапайым өмірдің шындығынан алғанын көреміз. Мысалы «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Асыл шөп» әңгімелері тілі жеңіл, күнделікті өмір

тұрмысын көрсетеді. Сол арқылы жақсы мен жаманның, ашу мен сабырдың, еңбек пен бейнеттің айырмасын анық көрсетеді. Сонымен қатар, оның әңгімелері өнерді де насихаттайды. Өнер сүйген, талантын дамытқан адамның жерде қалмайтынын ескертеді. Ұлы ағартушы ол үшін өзге халықтардың үлгілік әңгімелерінен аударма жасаған. «Талаптың пайдасы» сияқты әңгімелеріндегі идея сол кездегі қазақ жұртына ауадай керек екенін айтып тұр. Білімнің тәрбиесіз жарамайтындығын астарлап көрсететін әңгімелері де көп. Білім мен тәрбие қатар жүргенде ғана қажетіңе жарайды деген идея ұстанымын аңғартады. Қорытындылай келе, Ыбырайдың әңгімелері тұнып тұрған ұлттық психология мен тәрбие деп айталамын. Оны өмірімізге колдану өз еншімізде.



Кітапханашылар:


Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына

80 жыл толуына орай кітап көрмесінің анықтамасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай, ақынның өмірі мен шығармалары туралы мағлұмат беру мақсатында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға библиографиялық шолу жасалды. Көрмеге ақынның «Кербұғы», «Тортай мінер ақ боз ат», «Қамшыгер», «Қайдасың қасқа құлыным», «Қар қызы» т.б кітаптары қойылды. Мақсаты: О. Бөкейдің өмірі мен еңбектері жөніндегі оқушылардың білімін тереңдету және талантты тұлғаның қайталанбас қасиеттерін оқушылар арасында насихаттау. Көрнекті жазушының шығармаларын үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу және әдеби кітап оқуға тарту.



Кітапханашылар:

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

**«Тіл – татулық тірегі» Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларына
шолу атты кітап көрмесінің анықтамасы**

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ы. Алтынсариннен кейінгі еңбегі ерекше ағартушы - педагог, сөз құдыретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларына арналып кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Ахмет Байтұрсынұлының әр жылдары түзетіліп, өңделіп толықтырылып отырған «Тіл құрал» атты тіл танытқыш кітаптары, «Әдебиет танытқыш», «Тарту», «Шығармалары» т.б кітаптарына библиографиялық шолу жасалды.



Кітапханашылар:

 Г. Амирова

 Ж. Баймолдаева

№268 мектеп – лицей кітапханасының «Кітапханаға саяхат» атты

іс –шараның анықтамасы

№268 мектеп-лицей кітапханасында оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу мақсатында 1 - сыныптар арасында кітапханаға саяхат жасалды. Оқушылар мектеп кітапханасы және кітап қоры туралы мәлімет алды. Кітапханада ұйымдастырылған «Балаларға базарлық», «Ертегілер әлеміне саяхат», «Кітап менің сырласым» атты кітап көрмелерімен танысты. Саяхат барысында оқушылар кітапханаға оқырман болып тіркеліп, кітапхана ережесімен, кітапты күтіп ұстау жолдарымен таныс болды. Өздерінің сүйікті кейіпкерлері жайлы қызықты кітаптар мен балаларға арналған журналдар топтамаларын қызыға тамашалады.



Кітапханашылар:  Г. Амирова
 Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

«Бір ел - бір кітап 2024»

/Бердібек Соқпақбаев/

2023-2024 о.ж



«Бір ел - бір кітап 2024». Бердібек Соқпақбаев

Биылғы жылы "Бір ел - бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқимыз.

Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген. Орта мектепті де сол ауылда бітірді. Бала Бердібек анасынан 8 жасында айырылды және бұл қайғы оның өмірінің соңына дейін үлкен соққы болды. Бердібектің білімге деген сүйіспеншілігін оятқан - ағасы Сатылған. Алайда, ағасы соғыс кезінде қайтыс болып, дүниеден ерте озды. Соқпақбаев бала кезінде көп қиындық көрді, аштық пен ауыр еңбектің, қиындықтың тауқыметіне ұшырады. Дегенмен, ол өте білікті және қабілетті бала болып өсті.

Өз ортасының алды болған Соқпақбаев мектеп бітіргеннен кейін әскерге барып, кейіннен Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына оқуға түседі. Институтты бітіргеннен кейін Мәскеудегі жоғары әдеби курстарын тәмамдады.

Таулы ауылдан шыққан қазақ баласы журналистикамен көп айналысты, «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» газет-журналдарының редакциясында жұмыс істеді. Сондай-ақ, киностудияда да қызмет етіп, өзінің туған ауданындағы мектептерде мұғалім болды. Ол үнемі балаларды тәрбиелеудің күрделі мәселелеріне алаңдады. Бердібек Соқпақбаев – білікті мұғалім, тәрбиеші. Содан болар бұл жағдай оның шығармаларының тақырыбын алдын-ала анықтап берді.

Б. Соқпақбаев Қазақстан жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша кеңесші болып жұмыс істеді. Ең алдымен ол балалар жазушысы. Балалық пен жастық оның барлық кітаптарының негізі. Соқпақбаевтың шығармалары негізінен автобиография болып табылады.

Бердібек Соқпақбаев шығармашылық қызметін ақын ретінде бастады. 1950 жылы оның «Бұлақ» атты алғашқы өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Авторлық сезімдердің ерекше сенімділігі мен шынайылығымен ерекшеленген жинақ бірден өз оқырмандарын тапты.

Көп ұзамай Соқпақбаев прозада да бағын сынап көрді. Жазушының тарихы күрделі емес, бірақ қазақ ауылының өмірі мен тіршілігінің көлемді бейнесі суреттелген «Он алты жасар чемпион», «Бақыт жолы», «Өзім туралы» повестері тек жасөспірімдердің ғана емес, сондай-ақ ересек қазақ оқырмандардың да жүрегінен орын тапты. Бұл таңқаларлық жайт

емес. Өйткені, жазушының кітаптарында тәрбиелік мәні бар көсемсөздер мен тентек және күлкілі кейіпкерлер өмір сүреді. Ал кітапты оқығанда олардың жетістіктеріне қуанбау, қиындықтарына көңіл бөлмеу, оларды сүймеу мүмкін емес.

Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесінің арқасында танымал болды. Бұл туынды «Детская литература» баспасында шығып, содан кейін орыс тілінен көптеген тілдерге аударылып, Франция, Польша, Чехословакия, Болгария секілді шетелдерде жарияланды. Тек содан кейін ғана бұл шығарма өз отанына оралып, байырғы қазақ тілді оқырмандардың жүрегінен ойып орын алды.

Бұл повесть бойынша «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен Балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің халықаралық фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тентектігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің арқасында қиындықтардан шыға алды. Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа батыр бала атанды.

1960 ж. жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» повесі қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді.

Сондай-ақ, жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романында өмір жолында алдынан шыққан барлық қиындықтарды еңсерген табанды, батыл жас жігіттің өмірін және мінезінің қалыптасуын көрсетеді. Романның әрбір бетінде сол уақытқа тән өмір ұшқындары кездеседі.

Соқпақбаевтың көптеген шығармалары жас оқырмандарға арнап жазылған. Адамның әрбір кезеңі оның шынайы қуанышына толы. Осы тұрғыдан алғанда, қаладан атасына келіп, басынан қызықты ауыл өмірін өткерген қалалық қыз туралы «Аяжан» атты әңгімесі шынайы қызығушылық тудырады.

Жазушының кейінгі шығармаларының ішінде махаббат, сұлулық тақырыбына арналған «Қайдасың, Гаухар?» атты тамаша әңгімесі бар.

Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портретін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлетеді. Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады.

Қазақ прозасына жаңа леп, өзгеше өрнек әкелген жазушы 1991 жылы 24 шілдеде Алматыда көз жұмды.

Кітапханашылар



Г.Амирова


Ж. Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы
«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында
библиографиялық шолудың анықтамасы

Қатысқан сынып: 6-7 сынып
Қатысқандар саны: 25
Өткізілген күні: сәуір
Өткізілген орын: кітапхана

Сәуір 2024 ж

Биыл 2024 жылы Республикалық "Бір ел-бір кітап" акциясы аясында жыл кітабы Қазақ балалар әдебиетінің классигі, әлем таныған жазушы, қазақ әдебиетін Хан Тәңіріндей биігіне көтерген қарымы бөлек қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған шығармалары көпшілік оқырмандарға оқуға ұсынылып отыр. Осы орайда №268 мектеп-лицей кітапханасында кітапхана оқырмандарының қатысуымен "Шоқтығы биік- бірегей талант" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу өткізілді. Кітапханашы ақын жазушының өмірі мен шығармашылығына тоқталып өтті. Мақсаты: "Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді" демекші, балалардың сүйікті жазушысы, өзі өмір сүрген ортасының кезең келбетін көз алдыға келтіре кескіндеген, заманның шындығын жүрек сыздата суреттеген, сол бір күндердегі ел өмірін мөлдірете, жан жүректі елжірете мүсіндеген алғыр ойлы, қайсар мінезді, қайтпас рухты, шоқтығы биік тұлғаның еңбектерін оқырмандарға насихаттау. Шараға 25 оқырман қатысты.



Кітапханашылар

Г.Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп – лицей кітапханасы

Мәдениет ұлтың бет-бейнесі, рухани болмысы, ал кітап – ұлттың жаны, ақыл – ойы, парасаты. Кітап – рухани құндылық. Адамға ауа қандай қымбат болса, рухани нәр беретін кітап та одан кем емес. Сондықтан да кітапханашылар жүргізген басты жұмыстары – кітапты насихаттау. Жаңа заман компьютер дәуірі болғанымен рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы – кітапхана. Біздің ортақ міндет – әрбір оқырманның керекті рухани азығын тауып, қажет ақпараттармен қамтамасыз етіп, өзіндік тұлғасын қалыптастыруына жағдай жасау.

Мектеп кітапханасы 2013 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Кітапханада екі кітапханашы жұмыс жасайды. Бір компьютермен жабдықталған.

Кітапхана қорындығы әдебиеттер білім саласы бойынша кітап сөрелеріне, оқырмандардың еркін пайдалануына ыңғайлы орналастырылған. Оқырмандардың талабын қанағаттандыру мақсатында Отанымыздың тарихын, мәдениетін, әдебиетін, ұлттық дәстүрлерін насихаттайтын кітап оқуға деген ынтасын, қызығушылығын, жауапкершілігін арттыру мақсатында тұрақты кітап көрмелері ұйымдастырылып, тақырыпқа сай безендірілген.

Оқушылар кітапханада орналасқан **«Бақытты балалық шақ», «Айбыны асқақ – Қазақстан!», «Тамыры терең, тарихы кенен Қызылорда!», «Салауатты өмір – денсаулық кепілі», «Тіл – татулық тірегі», «Оқуға міндетті 100 кітап», «Мерейтой иелері», «Кітап – менің сырласым», «Өзің оқып, өзгеге ұсын»** атты кітап көрмелерімен танысып, кітап көрмесіндегі кітаптарды қызыға оқиды.

**Оқу жылдары бойынша мектеп кітапханасының
жалпы кітап қоры туралы мәліметі**

Оқу жылдары	Жалпы қор	Оқулықтар	Көркем әдебиет	Методикалық кітаптар мен кітапшалар	Электронды оқулықтар
2021 -2022	34369	32091	1381	656	141
2022 - 2023	25525	23434	1395	656	40
2023 - 2024	29458	25001	3465	656	336

Негізгі қор

Сала бойынша	2021 - 2022	2022 - 2023	2023 - 2024
Жаратылыстану ғылымдары			33
Техника, информатика			3
Ауыл шаруашылығы			6
Медицина			
Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар			28
Педагогика, білім			32
Денешынықтыру			
Тіл білімі, Әдебиеттану			158
Көркем әдебиет	12	12	1801
Өнер			6
Әмбебап мазмұнды әдебиеттер			3
Жалпы:	1381	1395	3465

**Оқу жылдары бойынша мектеп кітапханасының
жалпы кітап қоры туралы мәліметі**

Оқу жылдары	Жалпы қор	Оқулықтар	Көркем әдебиет	Методикалық кітаптар мен кітапшалар	Электронды оқулықтар
2021 -2022	34369	32091	1381	656	141
2022 - 2023	25525	23434	1395	656	40
2023 - 2024	29458	25001	3465	656	336

Негізгі қор

Сала бойынша	2021 - 2022	2022 - 2023	2023 - 2024
Жаратылыстану ғылымдары			33
Техника, информатика			3
Ауыл шаруашылығы			6
Медицина			
Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар			28
Педагогика, білім			32
Денешынықтыру			
Тіл білімі, Әдебиеттану			158
Көркем әдебиет	12	12	1801
Өнер			6
Әмбебап мазмұнды әдебиеттер			3
Жалпы:	1381	1395	3465

№268 мектеп – лицей кітапханасы

Анықтама

2023 – 2024 оқу жылында №268 мектеп-лицей кітапханасының кітап қорын жаңа кітаптармен, оқулықтармен толықтыру мақсатында қалалақ білім бөлімінен оқулықтар, көркем әдебиеттер, әдістемелік нұсқаулар, электрондық оқулықтармен қамтамасыз етіліп отырады.

Мектеп кітапханасының қорында - 29458 дана, оның ішінде оқулықтар - 25001дана, көркем әдебиеттер -3465дана, методикалық кітаптар мен кітапшалар – 656дана, электронды оқулықтар – 336 дана бар. Осы оқу жылында 1261 оқушы оқулықпен 100% қамтамасыз етілді.

Кітапхана қорындығы әдебиеттер білім саласы бойынша кітап сөрелеріне, оқырмандардың еркін пайдалануына ыңғайлы орналастырылған. Оқырмандардың талабын қанағаттандыру мақсатында Отанымыздың тарихын, мәдениетін, әдебиетін, ұлттық дәстүрлерін насихаттайтын кітап оқуға деген ынтасын, қызығушылығын, жауапкершілігін арттыру мақсатында тұрақты кітап көрмелері ұйымдастырылып, тақырыпқа сай безендірілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлтық қоғамдық сенім кеңсесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандардың бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында және кітапхананы жарнамалауға, арнаулы атаулы күндерді атап өту бағытында ақын, жазушылардың мерей тойларына арналған тақырыптық, мәдени көпшілік жұмыстар жоспарлы түрде өткізіліп тұрады.

Өткізілген іс- шаралар:

№	Атқарылатын іс шаралар	Өткізілу түрі
2	«Кітапханаға саяхат»	Саяхат
3	Тілдер күніне орай «Тіл – татулық тірегі» Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларына шолу	Көрме
4	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай	Кітап көрме
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Б.Алтынсарин, Б.Соқпақбаев кітаптарын оқып әңгімелеп беру	Әңгіме шолу
6	Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы Теңгенің (1993) алғашқы қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл	Көрме
7	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Жазушы-драматург Қалижан Бекқожиннің (1913) туғанына 80 жыл	Көрме, шығармаларына шолу
8	«Ауылым алтын бесігім»	Библиографиялық шолу
9	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жыр алыбы Жамбыл»	Көрме
10	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» «Бауырсақ» ертегісіне көрініс	Қойылым
11	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Мағауин шығармаларына	Кітап көрмесі
12	1- Наурыз«Алғыс айту» күні «Алғыс білдіру ең асыл сөз»	Кітап көрмесі
13	«Сиынар ем, ана деген тәңірге» 8-наурыз аналар мерекесі	Кітап көрмесі
14	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі- тәрбие көзі»	Тәрбие сағаты
15	2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне	Кітап көрмесі, театрландырылған қойылым
16	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында	Библиографиялық шолу

Кітапханашылар: Г. Амирова, Ж. Баймолдаева